

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5

SEPTEMBER – OCTOBER 2021

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Бас редактор:

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (бас редактор), тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 3

Редакция алқасы:

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (бас редактордың орынбасары), филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радун Патетре, Ph.D (археология), Нью-Йорк университетінің профессоры (Нью-Йорк, АҚШ) Н = 19

БАНАС Йозеф, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Жешув технологиялық университетінің профессоры (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Киев-Могила академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Төлегенқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті (Алматы, Қазақстан) Н = 3

ИСМАҒҰЛОВ Оразақ Исмағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) Н = 6

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хұсайынұлы, саясаттану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жакен Қожахметұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 4

СҮЛЕЙМЕНОВ Майдан Күнтуарұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нұрсарыұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

ҚОЖАМЖАРОВА Дариякул Пернешқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауыржан Әбішұлы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Мүслімқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Өмірбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 2

НУРҚАТОВА Ляззат Төлегенқызы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ресей білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), Педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, педагогика кафедрасының меңгерушісі, К.Г. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және басқару университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және технологиялар факультетінің деканы (Мәскеу, Ресей) Н = 34

ДИБО Анна Владимировна, филология ғылымдарының докторы, РҒА корреспондент-мүшесі, РҒА Тіл білімі институтының Орал-алтай тілдері бөлімінің меңгерушісі (Мәскеу, Ресей) Н = 3

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2021

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

Главный редактор:

КОЙГЕЛЬДИЕВ Мамбет Кулжабаевич (главный редактор), доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 3

Редакционная коллегия:

ОМАРОВ Бауыржан Жумаханулы (заместитель главного редактора), доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 4

МАТЫЖАНОВ Кенжехан Слямжанович, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан) Н = 4

ЙОВИЦА Радуга Пэтрэ, доктор философии (Ph.D, археология), профессор Нью-Йоркского университета (Нью-Йорк, США) Н = 19

БАНАС Йозеф, доктор социологических наук, профессор Жешувского технологического университета (Жешув, Польша) Н = 26

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заслуженный деятель науки и техники Украины, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина) Н = 2

МАКУЛОВА Айымжан Тулегеновна, доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз (Алматы, Казахстан) Н = 3

ИСМАГУЛОВ Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Нур-Султан, Казахстан) Н = 6

АБЖАНОВ Ханкелди Махматович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

БИЖАНОВ Ахан Хусаинович, доктор политических наук, член-корреспондент НАН РК, директор Института философии, политологии и религии (Алматы, Казахстан) Н = 1

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 4

СУЛЕЙМЕНОВ Майдан Кунтуарович, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

САБИКЕНОВ Салахиден Нурсариевич, доктор юридических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

КОЖАМЖАРОВА Дариякуль Пернешевна, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

БАЙТАНАЕВ Бауржан Абишевич, доктор исторических наук, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

БАЗАРБАЕВА Зейнеп Муслимовна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШАУКЕНОВА Зарема Каукеновна, доктор социологических наук, профессор, академик НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

ЖОЛДАСБЕКОВА Баян Омирбековна, доктор филологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 2

НУРКАТОВА Лязгат Толегеновна, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК (Алматы, Казахстан) Н = 1

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, академик Российской академии образования (г. Москва), директор Центра развития педагогического образования (Алматы, Казахстан) Н = 1

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики, декан факультета Социально-гуманитарных наук и технологий Московского государственного университета технологий и управления имени К.Г. Разумовского (Москва, Россия) Н = 34

ДЫБО Анна Владимировна, доктор филологических наук, член-корреспондент РАН, заведующий отделом урало-алтайских языков Института языкознания РАН (Москва, Россия) Н = 3

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № 16895-Ж, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2021

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

Editor in chief

KOIGELDIEV Mambet Kulzhabaevich (Editor-in-Chief), Doctor of History, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 3

Editorial board:

OMAROV Bauyrzhan Zhumakhanuly (Deputy Editor-in-Chief), Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 4

MATYZHANOV Kenzhekhan Slyamzhanovich, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SAPARBAYEV Abdizhappar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

JOVICA Radu Petre, Ph.D, History, Archeology, Professor, New York University (New York, USA) H = 19

BANAS Joseph, Doctor of Social science, Professor, Rzeszow University of Technology (Rzeszow, Poland) H = 26

LUKYANENKO Irina, doctor of economics, professor, honored worker of Science and Technology of Ukraine, head of the department of the National University «Kyiv-Mohyla Academy» (Kiev, Ukraine) H = 2

MAKULOVA Aymzhan Tulegenovna, doctor of economics, professor, Narkhoz University (Almaty, Kazakhstan) H = 3

ISSMAGULOV Orazak Issmagulovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Nur-Sultan, Kazakhstan) H = 6

ABZHANOV Khankeldi Makhmutovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 4

BIZHANOV Akhan Khusainovich, Doctor of Political Sciences, Corresponding Member of NAS RK, Director of the Institute of Philosophy, Political Science and Religion (Almaty, Kazakhstan) H = 1

TAIMAGAMBETOV Zhaken Kozhakhmetovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, (Almaty, Kazakhstan) H = 4

SULEYMENOV Maidan Kuntuarovich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SABIKENOV Salakhiden Nursarievich, Doctor of Law, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

KOZHAMZHAROVA Dariyakul Perneshevna, Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 2

BAITANAEV Baurzhan Abishevich, Doctor of Historical Sciences, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

BAZARBAYEVA Zeinep Muslimovna, Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHAUKENOVA Zarema, Doctor of Sociology, Professor, Academician of NAS RK (Almaty, Kazakhstan) H = 1

DZHOLDASBEKOVA Bayan Umirbekovna, Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of NAS RK H = 2

NURKATOVA Lyazzat Tolegenovna, Doctor of Social Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan) H = 1

ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of NAS RK, academician of the Russian Academy of Education (Moscow), Director of the Center for the Development of Pedagogical Education (Almaty, Kazakhstan) H = 1

SHISHOV Sergey, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy, Dean of the Faculty of Social Sciences and Humanities and Technologies of the Razumovsky Moscow State University of Technologies and Management (Moscow, Russia) H = 34

DYBO Anna Vladimirovna, Doctor of Philology, Corresponding Member of the Russian Academy of Sciences, Head of the Department of Ural-Altai Languages of the Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russia) H = 3

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. 16895-Ж, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Муханова А.Т.¹, Айтмуханова Д.У.¹, Ердешова Ж.И.¹, Рыскулбекова Б.Р.²

¹Халел Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Атырау, Қазақстан;

²Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: adema1986@mail.ru

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНАН МҮЛІККЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін көліктік құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік мәселелерін зерттеу бағыттары талқыланды. Мақалада көліктік құқық бұзушылықтар құрамының тұжырымдамасы, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық мәселелері, жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін еліміздің аймақтары тұрғысынан салыстырмалы талдау зерттелген. Еліміздегі жол көлік оқиғаларының орын алу жағдайлары және құқықтық жауапкершіліктің көлемі туралы айтылған. Қазақстан Республикасының құзіретті органның көрсетуі бойынша, жол-көлік оқиғалары кезіндегі жүргізушілердің жасайтын әрекеттері: белгіленген жылдамдықты көтеру, мас күйінде көлікті басқару, басып озу ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, жол қиылысы ережесін сақтамай жол кезегін бұзу; ақауы бар көлікті басқару, арақашықтықты сақтамау, реттеу дабылына бағынбау; жол жүрісі белгілеріне бағынбау, адамдарды тасымалдау ережесін бұзу; жаяу жүргіншілер ережесін бұзу және т.б. жағдайлар талданған. Көлік құралдарының көбеюі және қоғамдық қатынастың экономикалық дамуының әсерімен байланысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктің мөлшері туралы талдау жасалынған. Көлік қатынастарының дамуы да экономикалық тетіктердің дамушы құралы ретінде қарастырылады. Көлік қатынастарының даму кезеңімен қазіргі қоғамдағы жол көлік қатынастарының әсерінен адамзатқа келтірілетін зардаптар туралы және олардың құқықтық нормалар шегімен реттелуі мен келтірілген зардаптардың қалпына келтірілуі туралы баяндалады. Адамдардың жол көлік оқиғаларына қатысушы болуының себептері құқықтық нормаларда орын алуы маңызды. Жол қатынастарының дамуы еліміздегі экономикалық жағынан тиімді болса, апаттар жағынан қауіпті екенін түсінуіміз қажет. Мемлекеттік қызмет көрсетуді жол көлік оқиғаларын бақылауда ұстау үшін пандемияға байланысты қашықтықтан ұйымдастыру қарастырылған. Осы орайда көлік апатынан оқиғалардың кең көлемде орын алу және шешілу жолдарына талдау жасалынған.

Түйін сөздер: әкімшілік құқық бұзушылықтар, әкімшілік жаза, қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстық құқық.

Кіріспе. Адам өмірі – еліміздің Ата заңына сай басты қазына. Адам кез-келген мемлекеттің қомақты потенциалы. Азаматтар өмірінің қауіпсіздігі мен тіршілікті қамтамасыз ету шараларын мемлекеттік басқару органдары ұйымдастыру қажет. Құқық қорғау және құқық бұзушылық адами құндылық болғаннан кейін жұмыспен, біліммен, денсаулықты қамтамасыз ету бойынша мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын бағдарламаларда жеке және заңды тұлғалардың қауіпсіздігі басты орында тұруы тиіс. Елімізде адами ресурсты тұрақты ұстау үшін соғыс жағдайын, пандемия жағдайын қоспағанда жолда жүріп тұруды қамту тікелей мемлекеттік органның міндеті. Біздің құқықтық нормаларымыздың басты қағидаларынан өмір қауіпсіздігі негіздері басты қорғауда болу қажет. Жол қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелер жыл сайын күрделенуде. Жол оқиғасының адам өміріне әсер етуі және көлік оқиғаларынан келтірілетін залалдарды қалпына келтіру бойынша құқық қатынастарының заңдылық тұрғысында шешілуі - азаматтық қоғамның жетістігі.

Жол-көлік оқиғалары әлемдегі өлімнің басты себебі болып табылады, нәтижесінде жыл сайын 1,25 миллионнан астам адам қайтыс болып, 50 миллион адам жарақат алады. Жол-көлік оқиғасының құрбандары ұзақ уақыт бойы сақталатын бірқатар физикалық, психологиялық және

занды қажеттіліктерге ие. Бұл қажеттіліктер көбінесе ұзақ мерзімді жұмысқа орналасуға және жеке, әлеуметтік және экономикалық салдары бар қаржылық қиындықтарға әкеледі [1].

Пайдалану жылдамдығының арқасында «Есіктен есікке дейін» оның қалааралық және халықаралық жолаушылар тасымалындағы рөлі артады. Бұл процесс біздің елде де байқалады. 1991 жылы Қазақстанда жалпы алғанда 1,4 млн-ға жуық автомобиль, соның ішінде 372 мың жүк автомобилі, 54 мың автобус, 849 мың жеңіл және 119 мың арнайы автомобиль болды [2].

Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының ұзындығы 128,3 мың шақырымды құрайды, оның ішінде 97,4 мың шақырымнан астамы жалпы пайдаланымдағы автожолдар, оның ішінде 23,5 мың шақырым республикалық маңызы бар автожолдар және 73,9 мың шақырым облыстық және аудандық маңызы бар автожолдар.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақаланы жазу барысында авторлар ғылыми-теориялық және практикалық материалдарды зерттеуге негізделген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін пайдаланды. Жұмыс барысында жол-көлік қылмыстары саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін талдау әдістері қолданылды, өзге елдерде зерттелетін мәселенің шешіміне салыстырмалы талдау әдістері қоса қолданылды. Жұмыс барысында формальды-логикалық және нормативті-құндылық статикалық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Барлық байланыс жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдары біріктіріліп, әлемдік көлік жүйесін құрайды. Көлік құралдары деп автомобильдерді, барлық түрдегі тракторларды және өзге де өздігінен жүретін машиналарды, трамвайларды, троллейбустарды, сондай-ақ мотоциклдерді және басқа да механикалық көлік құралдарын түсіну керек.

Көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Көлік құралын басқару кезінде телефонды не радиостанцияны тыңдауышты немесе қатты дауысты байланысты қолдану арқылы пайдалануға рұқсат етіледі.

Көлік құралдары жүргізушілерінің белгіленген жүру жылдамдығын сағатына оннан жиырма шақырымға дейінгі шамаға арттыруы – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Көлік құралының белгіленген жүру жылдамдығын сағатына жиырмадан қырық шақырымға дейінгі шамаға арттыру – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Көлік құралының белгіленген жүру жылдамдығын сағатына қырық километрден астам шамаға арттыру – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Маршруттық көлік құралдарын тоқтату, тұрғын аймақтарда жүру, жолаушыларды және жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталған көлік құралдарымен жүру кезінде қауіпсіздік белдіктерін, мотоциклдерді басқару және олармен жолаушыларды тасымалдау кезінде мотошлемдерді пайдалану, көлік құралдарын сүйрету, тәуліктің қараңғы мезгілінде немесе анық көрінбейтін кезде жарық беретін аспаптарды пайдалану қағидаларын сақтамау – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жүргізушінің өзі қатысушы болып табылатын жол-көлік оқиғасына байланысты Қазақстан Республикасының жол жүрісі саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Жүргізушінің жол жүрісі қағидаларын бұзып, өзі қатысушы болып табылған жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы – бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғады.

«Біздің есептеулеріміз бойынша, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің көлік құқық бұзушылықтары туралы 74-бабының 40-ы ғана қылмыстық-құқықтық жауапкершілік саласымен тығыз байланыста, сондықтан бұзылған қоғамдық қатынастарды мемлекеттің құқықтық қорғау дәрежесін анықтауда қателіктерден аулақ болу қиын. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 10-бабында алғаш рет «қылмыстық теріс қылық» ұғымы пайда болған кезде, іс жүргізу күрделене түсті, оны қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтан ажырату керек болды» – деп К.А.Бакишев өзінің ғылыми жұмысында көрсетеді [3].

Көліктегі қылмыстарды біздер ҚР Қылмыстық кодекстің 14-тарауында көрсетілгенін айта отырып, бұрынғы қылмыстық кодекске қарағанда бұл тарауда көліктің барлық түрлері – темір жол, әуе, су көлігі, автомобиль, троллейбус, трамвай, не басқа да механикалық көлік құралдарын жүргізуші адамның жол қозғалысы қауіпсіздігін немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылығы жинақталып берілген.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі немесе көлік құралдарын пайдалану ережелеріне қарсы қылмысқа қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жасап, көліктің бірқалыпты қызмет етуін бұзатын, соның нәтижесінде заңда көзделген зардаптардың орын алуына жол беретін іс-әрекеттер жатады.

Көлік қылмыстарының топтық объектісі болып жол қозғалысы қауіпсіздігін және көлік құралдарын пайдалану ережелерін реттейтін қоғамдық қатынастар табылады.

Қылмыстың тікелей объектісі – жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарының нақты түрін (темір жол, су, әуе немесе автомобиль) пайдалану ережелері, ал қосымша тікелей объектісі – кейбір құрамдар үшін адамның өмірі, денсаулығы, сондай-ақ меншігі болуы мүмкін.

Қылмыстың заты – темір жол, су, әуе, автомобиль көліктері және басқа да механикалық көлік құралдары.

Объективтік жағынан алғанда көлік құралдарына бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі әрекет немесе әрекетсіздіктен, зардаптан және олардың арасындағы себепті байланыстардан тұрады яғни материалдық құрамдағы қылмыстар десек те болады. Тек қана екі түрлі қылмыс құрамы құрылысы жөнінен формальдық құрамға жатады. Көліктегі қылмыстарды дұрыс саралау үшін осы қылмыстың заты болып табылатын көлік құралдарының түріне дәлме-дәл анықтама берудің маңызы ерекше [4].

Соған қарамастан, көлік саны мен түрлерінің көбеюіне байланысты көлік қылмыстарының көрсеткіші өсіп, онда зардап шеккендер санының күрт өсуі байқалды. Ал көлік қылмыстарының ішінде жол-көлік оқиғалары жетекші орын алады. Жол-көлік оқиғасы-көлік құралының жол бойымен жүруі процесінде және оның қатысуымен туындайтын, адамның өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соқтыратын оқиға³.

Адам өмірі мен денсаулығын бұзатын жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде, ата- аналары мен бауырларынан айырып жатқаны жанымызға қатты батады. Мұндай жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алдын алу мәселелерін шұғыл шешу қажеттігін көрсетеді. Бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, дүниежүзі бойынша жол-көлік оқиғалары мен соның салдарынан болатын өлім мен жарақат фактілері азаймай, адамдардың көлік құралдарына деген сұранысының арту тенденциясымен қатар, сондай-ақ оларды пайдалану процесінде қоғам өміріне қауіп төндіретін жағдайлардың ұлғаюымен байланысты. Бұл ретте «Автокөлік өлімінің» әлем бойынша қатерлі ісік пен жүрек-тамыр ауруларынан кейін үшінші орынға шығуы таңғаларлық жағдай емес.

Жыл сайын елде көлік құралдарының саны мен жол қозғалысының қарқындылығы артып келеді, бұл қоршаған ортаны бірқатар жағымсыз салдарға әкеледі. Республика қалаларының инфрақұрылымы және көшедегі көлік қозғалысы «автокөлік санының күрт өсуіне» арналмаған, мемлекет тарапынан объективті себептерге байланысты жол-көлік қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі және көлік оқиғаларының салдарынан сақтандыру іс жүзінде мүмкін емес болып отыр. Қарқынды қозғалыс үшін жолдардың болмауы жүргізушілерді жол қозғалысы ережелерін бұзуға «итермелейді» [5].

Барлық жол-көлік оқиғаларында негізгі орында жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі байқалады. Көлік құралын басқаратын кінәлі кез-келген төтенше жағдайда оның белгілі бір апатты жағдай кезіндегі психологиялық жағдайы әсер етеді. Біздің өмірлік тәжірибеміз дәлелдегендей, мұндай оқиғалар мынадай түрде болады: көлік құралдарының соқтығысуы; көлік құралдарының аударылуы, жаяу жүргіншіні қағып кетуі немесе басып кетуі; тұрып жатқан адамды қағып кетуі немесе басып кетуі; көлік құралынан жолаушылардың құлауы және жануы, жануарларды басып кету т.б.

Жол-көлік оқиғалары көлік құралдарының зақымдалуымен, азаматтардың жарақаттарымен немесе өлімімен байланысты шығындармен ғана емес, сонымен бірге аса қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының апаты кезінде болуы мүмкін төтенше жағдайлармен де байланысты. Құқықтық әдебиеттерде автомобиль қылмыстары әкімшілік немесе қылмыстық заңдарда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекеттер (әрекеттер немесе әрекетсіздік), жол қозғалысы қауіпсіздігіне және заңда немесе өзге де нормативтік актілерде белгіленген механикалық көлік құралдарының жұмыс істеу тәртібіне қол сұғушылық болып табылады [6].

Талқылануы. Қазіргі экономикалық дамуда көлік қатынасының және тасымалдау саласының тұрақтануы басты тетік болғандықтан адам өмірінің қауіпсіздігі тұрасында және экономикалық тауар ақша қатынастары мен қызмет көрсетудің аясында барлық механизм адамға зиян келтірмеуді көздеуі қажет. Адами фактор мемлекетіміздің құнды ресурсы. Экономикаға тасымалдау мен көлік қатынастарының дамуы қажет болғанымен азаматтардың жол көлік оқиғаларынан зардап шегу мәселелері де және одан келтірілетін зияндар мөлшерінің қалпына келтіру жолдары жүйелендіруді талап етеді.

Пандемия жағдайында меемлекеттік қызмет көрсетулер қашықтықтан ұйымдастырылуды қажет етті. Осы орайда «Цифрлық Қазақстан 2018-2022» бағдарламасын іске асырудың бес негізгі бағыты нақтыланды:

1. «Экономика салаларын цифрландыру» – еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдаланып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыттары бекітілді.

2. “Цифрлық мемлекетке көшу” – қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын бірнеше қырынан қарастыру және даму бағыты. Инфрақұрылым саласына көлік саласының дамуы мен жол ережелерінің бақылау сервистері арқылы жұмыс жасауын дұрыс жолға қою және олардың жұмысы адами ресурсқа зиянын тигізбейтіндей етіп жүйелендіру бағытын ұстану қажет.

3. “Цифрлық Жібек жолын іске асыру” – ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты. 4. “Адами капиталды дамыту” – жаңа жағдайға – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін «креативті қоғам» деп аталатын қоғамды құруды қамтитын бағдарламалар адами ресурсты қолдау бағытында жұмыс жасау керек. Адамы жоқ мемлекет болмайды. Адами ресурс қауіпсіздігі – қандай да болсын бағдарламаның, құқықтық нормалардың басты міндеттері болуға тиісті. Бағдарламаны іске асыру бенефициарлары Қазақстан Республикасының барлық халқы, бизнес және мемлекеттік органдары болады, өйткені ол өмірдің барлық салаларына әсер етеді және мемлекеттің әрбір азаматы мен тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе бүгінгі күні интернет экономикасы дамушы елдерде жылына 25%-ға дейінгі қарқынмен өсіп келеді, бұл ретте экономиканың бірде бір саласы мұндай қарқынға тіпті жақындай да алмайды. Барлық жаһандық деректердің 90%-ы бар жоғы соңғы екі жылдың ішінде жасалды. Қазірдің өзінде интернетке 35 миллиард құрылғы қосылған және деректермен алмасуды жүзеге асырады, бұл цифр әлемдегі тұрғындардың жалпы санынан бес есе артық. Бірақ, сонымен бірге Үкімет пен корпорация жыл сайын кең таралған жаңа құбылыс – кибершабуылдарға қарсы іс-қимыл жасауға жарты триллионға жуық АҚШ долларын жұмсайды. Цифрландыруға күш салу адами капитал белсенді түрде дамитын – болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығы артатын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкеледі. Осы орайда жол көлік оқиғаларының адам өміріне әсер етуін азайту бағытында мемлекеттік қызмет түрлері қалыптасу керек. Қазіргі таңда шетелден келетін көліктерді тіркеуді жүйелендіру жұмыстары жүргізілуде. Өйткені бұндай көліктермен болатын жол көлік оқиғаларына қатысты тергеу амалдарын жүргізу, анықтау және келтірілген залалды қалпына келтіру сондай-ақ материалдық шығындарды өндіру жолдары қиынырақ болатыны белгілі. Елімізде келтірілген залалды өндіру жолдары азаматтық талап шеңберінде қойылады. Соттар арқылы талаптар материалдық тұрғыда қалпына келтіріледі. Осы тұрғыда азаматтық сот өндірісі арқылы және атқару өндірісі құқықтық нормасының аясында өндірілуге жатады. Ондай жағдайлар тек өндіруге болмайтын мүліктер мен өндіруге болмайтын борышкердің қабілеті арқылы анықталуға жатады. Бүгінде цифрландыру процесі әлемдегі барлық елдерге әсер етеді. Сонымен қатар әрбір ел цифрлық дамудың басымдықтарын өзі айқындайды. Әлемдегі 15-тен астам мемлекет қазіргі уақытта ұлттық цифрландыру бағдарламаларын іске асыруда.

Қазақстан Республикасы ПИМ нұсқауы бойынша жол-көлік оқиғалары кезіндегі жүргізушілердің іс-әрекеттері: белгіленген жылдамдықты асыру, басып озу ережелерін бұза отырып қарсы жолаққа шығу, жол кезегін кесіп өту ережелерін сақтамай бұзу; ақаулы көлікті басқару, қашықтықты сақтамау, реттеу сигналына бағынбау; жол қозғалысы белгілеріне бағынбау, адамдарды тасымалдау ережелерін бұзу; жаяу жүргіншілер ережесін бұзу және т.б. [7].

Жол-көлік оқиғаларының жиелеуіне түрткі болатын тағы бір мәселе арнайы жолақпен белгіленген жолдағы жаяу жүргіншілердің өтпеуі; көлік құралынан кенеттен шығу; Көлік құралдарын басқарушылардың мас күйінде болуы, қала ішіндегі ара-қашықтықтың ұзақ орналасуы, қала халқының тығыз орналасуы, ішкі урбанизация процесі және т. б. әсер етеді.

Көлік құралдарын басқаруды, жол ережелерін, жол жағдайын бағалауды, білім алушылардың білімін саралауды және тексеруді үйрету үшін арнайы сынақтарды күшейту және камерамен тапсыру үшін және қажет болса саусақ іздері арқылы анықтайтын құрылғыларды енгізу қажет. Жол-көлік оқиғасы өздігінен пайда болмайды. Бұл қозғалыс ережелерінің кез-келген талаптарын сақтамау салдарынан

болады. ЖКО – да жүргізушілердің өздері ең аз зардап шегеді, ал жолаушылар мен жаяу жүргіншілер ең көп зардап шегеді. Ең сорақысы – жол-көлік оқиғалары кезінде балалардың қаза болуы. Бұл мәселені шешудің ең маңызды мәні – балаларды ең жас жаяу жүргіншілердің жол ережелерін дұрыс дайындау және үйретуге баса ден қою қажет.

Балалардың жол-көлік оқиғаларына ұшырауы жағдайлары да азаймай тұр. Өйткені қандай іс-әрекет болса ол өз ісіне жауап бермейді. Балалардың жол оқиғаларымен болатын байланыстары әсіресе апаттық жағдайда болса қайғы-қасіретке әкеледі. Орта білім бағдарламалары қаншалықты жол ережесін қамтитын шараларды мультфильмдер сияқты бейнероликтермен кәмететке толмаған балаларға түсінікті қылып және қолжетімді болса бұл да, алдын алу шараларының бірі ретінде ғана әсер етеді. Мобильді қосымшалар арқылы кейбір ақпараттардан балаларды қорғасақ, кейбір ақпараттар балаларға қауіпсіздік, соның ішінде жол қауіпсіздігі турасында ақпарат беріп, орта білім беретін ұйымдар мен мекемелерде дәріптелсе нұр үстіне нұр болары анық. Өйткені балалар өмірінің қауіпсіздігі – ашық естуші мемлекеттің және азаматтық қоғамның басты мақсаты.

XX ғасырдың басында көшелер мен жолдардағы жол-көлік оқиғаларының оқшауланған жағдайлары қысқа тарихи уақыт аралығында көптеген адамдардың жаралануының, мүгедектігінің және өлімінің негізгі себебі болды, сондықтан адамзаттың ерекше алаңдаушылығын тудырды. «Қараша айының үшінші жексенбісі – Дүниежүзілік жол-көлік оқиғаларының құрбандарын еске алу күні. Әлем бойынша жыл сайын 1,5 млн адам, күн сайын 2600, әр 24 секунд сайын 1 адам жол-көлік оқиғасынан көз жұмады. Бейбіт күнде осындай көрсеткіш болуы өте қайғылы жағдай», - дейді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы тұрақты өкілі, доктор Олег Честнов.

Азаматтық құқықтың маңызды қағидаттарының бірі келтірілген зиянды толық өтеу болып табылады. Осыған байланысты ЖКО нәтижесінде автомобильге келтірілген зиянды анықтау кезінде оның тозуын ескеру немесе ескермеу қажеттілігі туралы мәселе өзекті болып қалуда. Заттың тозуы – бұл қатты зат бетінен материалдың бөлінуінің тозуы және үйкеліс кезінде оның тұрақты деформациясының күшеюі, ол заттың өлшемі немесе формасының біртіндеп өзгеруімен көрінеді [8].

2018 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстанда жұмыс істеп тұрған техникалық қызмет көрсету және жөндеу кәсіпорнына 1850-1900 көлік құралы келеді, ал Еуроодақ елдерінде бұл көрсеткіш – 586 бірлікті құрайды, жалпы есептік шама автомобиль паркінің 750 бірлігі деңгейінде болып отыр. Осылайша, біз техникалық қызмет көрсету кәсіпорындарының үш есе жетіспеушілігін сезінеміз. Осы фактілерді негізге ала отырып, көлік құралдарын техникалық жарамды күйде пайдалануды ұйымдастыру түбегейлі реформалауды талап ететінін атап өтуге болады, өйткені мамандандырылған Автосервис тапшылығы қазақстандық экономиканың дамуын Елеулі инфрақұрылымдық шектеуге әкелуі мүмкін [9].

Француз ойшылы Лео Кампион: “жүргізуші – бұл машинаның ең қауіпті түйіні”, - деген. Сондықтан көбінесе автокөлік жүргізушілері жолдағы түрлі апаттардың болуына, өздері кінәлі болады. Көлік қозғалысы процесіне қатысу кезінде орын алатын жазатайым оқиғалар, жағдайлар. Сондай-ақ, жол-көлік оқиғасының міндетті белгісі кез-келген мүлікке материалдық залал келтіру немесе адам денсаулығына зиян келтіру болып табылады. Апатқа байланысты материалдық залал келтірілген құқықтық қатынастар ҚР Азаматтық Кодексімен, ҚР “Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы” Заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасы АҚ, 934-бабына сәйкес, зиянды өтеу туралы талаптарды қанағаттандыра отырып, сот істің мән-жайларына сәйкес келтірілген зиянды толығымен заттай өтеуге міндеттейді [10].

Адами ресурсқа жол көлік саласының әсер етуін үнемі бақылауда ұстап анализ, мониторинг жасау және осы фактілерді азайтудың және алдын-алудың шараларын жүзеге асыру-атқарушы биліктің басты мақсаты. Жол-көлік оқиғаларының туындау себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әрбір елде, өңірде, қалада жол-көлік оқиғаларын есепке алу жүргізіледі. Оны ведомстволық мекемелер өз құзіретіне сай атқарады, мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары, даралық және жеке меншік жолдарының иелері жол-көлік оқиғаларын есепке алу шараларын жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2020 жылы адамдардың өліміне немесе жарақаттануына әкеп соққан жол-көлік оқиғалары туралы есебінде еліміздің жолдарында 11 837 жол-көлік оқиғасы тіркелген [11].

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 20,7%-ға төмен. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, 2019 жылдың осы кезеңінде 14 835 жол апаты тіркелген. Қоғамдық көліктің қатысуымен болған жол-көлік оқиғаларының көрсеткіштері айтарлықтай төмендеді, 2020 жылдың қаңтар айында 173 ЖКО орын

алды, онда 18 адам қаза тауып, 228 адам жарақат алды, 2019 жылдың 11 айында 327 жол-көлік оқиғасы орын алды, онда 52 адам қаза тауып, 592 адам жарақат алды.

Жол-көлік оқиғаларының төмен көрсеткіші, бірінші кезекте, өңірлер бойынша карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты (Covid-19 коронавирустық инфекциясы) аздауы мүмкін. Көлік қозғалысының қарқыны бірнеше есе азайды. Алайда, шектеу шаралары алынып тасталғаннан кейін көлік ағыны артып, апаттар жиілей бастады. ІІМ мәліметінше, жол-көлік оқиғасының 96 пайызына жүргізушілер кінәлілігі анықталады.

Көлік апатына келтірілген зиянның аясында сақтандыру қатынастары да дамуда. Сақтандыру қатынастары арқылы келтірілген зияндар қалпына келтіріледі. Автокөлік құралдарының жауапкершілігін міндетті сақтандыру институты көлік құралының иесіне оның кінәсінен болған ЖКО жағдайында зардап шеккендер алдындағы өз жауапкершілігін сақтандыруға мүмкіндік береді. Сақтандыру нормаларының дамуы келтірілген залалды материалдық өндіру бойынша азаматтық сот өндірісінде шешіледі. Сақтандыру саласының осы орайда міндеттілігі аса қажет фактор. Ол да материалдық тұрғыда өндіру шаралары тікелей көмектеспесе де жанама түрде қаржылық жағдайды қалпына келтіруге себеп болады [12].

Әлемдік экономиканың инфляциялық құрамдас бөлігімен қатар жүретін қазіргі даму жағдайында жолаушыны тасымалдау кезінде келтірілген зиянды шекті өтеудің тұрақты, абсолютті көрсеткіштері үнемі түзетуді талап етеді. Бұл, атап айтқанда, халықаралық әуе тасымалдарының кейбір ережелерін оңтайландыруға арналған нормалары 1999 жылғы Конвенцияда талқыланады [13].

Қорытынды. Әлемдік сауда құрылымын талдау нәтижелері белгілі бір аймақтағы саяси және экономикалық жағдай әлемнің басқа аймақтарындағы жағдайға әсер ететінін көрсетеді.

- ТМД елдерінің аумағында халықаралық көлік дәліздерін құру және дамыту мәселесі әлемдік экономикалық даму процесінің құрамдас бөлігі ретінде әлемдік көлік жүйесін дамытудың негізгі аспектілері тұрғысынан тұжырымдалуға тиіс.

- Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдар дамыған жағдайда Азия-Еуропалық қатынастағы контейнерлік тасымалдар: Қытайдың оңтүстік порттарынан және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Еуропаға және кері қарай теміржол және теңіз жолдары бойынша неғұрлым маңызды болады.

- Қытайдың батыс өңірінен Орта Азия, ТМД елдеріне, Каспий бассейніне жүк тасымалдау Қазақстан территориясы арқылы бағыттаудың келешегі зор.

Қазақстан дамушы құқықтық мемлекет. Даму үшін бізге ең бірінші адами ресурсты қалыптастыру және оның қауіпсіздігін басты жолға қою, бағыт бағдарламалардың жүргізілуі және экономикаға әсер ететін көлік инфрақұрылымын жүйелендіру қажет. Ол инфрақұрылым цифрландыру бағытында құрылуы тиіс.

Тақырыпты зерттей келе төмендегі ұсыныстарды ұсынуға болады:

1. Алкогольдік ішімдік қолданған жүргізушіні анықтайтын құрылғыны көліктерге орнату арқылы мас күйде көлік жүргізуге болмайтындай етіп мәселені шешу.

2. Қала ішілік және елді мекен жолдарында жылдамдықты бақылайтын камералармен қамтылатын радиуста қондыру және жарықтандыру жұмыстары, жол белгілерінің анықтығын және түнде көрінетіндей ету, қадағалау, жоғары қауіптілік көзін құрайтын көлік құралдарына жылдамдықты тежеу аппаратын орнату. Жаяу жүргіншілердің жолда көрінуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы дыбыстық және лазерлік жарықтандыру қондырғыларын ұлғайту;

3. Басқару құқығы жоқ адамдарды бейне бақылау арқылы анықтау, тек көлік жүргізушілерді базаға енгізу арқылы мониторинг жасап ІІ қызметіне хабар беруді автоматтандыру бағытын оңтайландыру;

4. Балаларға арналған қауіпсіздік туралы мәліметтерді қолжетімді ететіндей орта білім беретін ұйымдарда бейне роликтерді көбейту, тарату жолдарын жүйелендіру.

Азаматтық қоғам құру, демократияға бет бұрған 30 жыл тәуелсіздікті еңсерген мемлекеттің адам және азаматтар құқықтары мен мүдделерінің қорғалуы құқықтық тұрғыда және экономикалық қатынастарда қауіпсіздігі жоғары деңгейде тұруы керек. Өйткені Ата заңымыздың басты қазынасы – адам өмірі екенін естен шығармау қажет. Әрбір құқықтық нормада, құқықтық сауаттылық, құқықтық сана ұғымдары басшылыққа алынып, адами ресурстың қауіпсіздігі басты назарда болуға тиісті.

Муханова А.Т.¹, Айтмуханова Д.У.¹, Ердешова Ж.И.¹, Рыскулбекова Б.Р.²

¹Атырауский университет имени Халелы Досмухамедова, Атырау, Казахстан;

²Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан.

E-mail: adema1986@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ УЩЕРБА ИМУЩЕСТВА, ПРИЧИНЕННОГО ДОРОЖНО – ТРАНСПОРТНЫМИ ПРОИСШЕСТВИЯМИ

